

Туризм мектебі

ХТЖМУ білім беру бағдарламаларын өзектендірудің пәрменді тәсілдерінің бірі жұмыс берушілермен сауалнама жүргізумен және еңбек нарығын талдаумен қатар, білім алушылармен ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу болып табылады. 2025–2026 оқу жылында Туризм мектебінің «6В11102 – Халықаралық және ішкі туризм» (білім беру бағдарламасының координаторы Балтабекова Д.Д.), «6В11111 – Tourism Guide Service» (білім беру бағдарламасының координаторы Қожахмет А.С.), «6В11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» (білім беру бағдарламасының координаторы Кұдайберген Б.А.), 6В11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру» (білім беру бағдарламасының координаторы Қожахмет А.С.), «6В11105 – Туристік дестинациялар менеджменті» (білім беру бағдарламасының координаторы Аманғазыева А.А.), ББ білім алушылары арасында «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын жүргізді. Сауалнама 14 сұрақ пен 1 тармақты қамтыды, ол ББ және жалпы оқу процесін жақсарту бойынша пікірлер мен ұсыныстарды енгізумен байланысты болды. Сауалнамаға: «6В11102 – Халықаралық және ішкі туризм» білім беру бағдарласында 1-4 курста оқитын 800 білім алушыдан – 688 (86%) білім алушы, «6В11111 – Tourism Guide Service» ББ-нан 35 білім алушыдан - 31 (88,57%); «6В11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет» 42 білім алушыдан - 31 (73,8 %); «6В11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру» 53 білім алушыдан 13 (24,5%); «6В11105 – Туристік дестинациялар менеджменті» 105 білім алушыдан 68 (64,8%) қатысты. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі келесідей:

Кесте 1 – ББ білім алушылардың қанағаттануы

ББ атауы	Білім алушылар саны	Респонденттер саны	Қанағаттану %
«6В11102 – Халықаралық және ішкі туризм»	800	688	86%
«6В11111 – Tourism Guide Service»	35	31	88,57%
«6В11108 – Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет»	42	31	73,8%
6В11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру»	53	13	24,5%
«6В11105 – Туристік дестинациялар менеджменті	105	68	64,8%

Жоғарыда келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, сауалнамаға білім алушылардың 80,3%-ы қатысып, ББ білім алушыларының жалпы қанағаттану деңгейі 98,2% құрады.

Қонақжайлылық мектебі

2025–2026 оқу жылында Қонақжайлылық мектебі 3 курс білім алушылары арасында 3 білім беру бағдарламасы бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға: «6В11109 – Ивент менеджмент» білім беру бағдарламасында 3 курс бойынша 14 білім алушыдан – 13 (92,9%) білім алушы; «6В11104 – Қонақ үй және мейрамхана бизнесі» білім беру бағдарламасында 107 білім алушыдан – 92 (86%) білім алушы; «6В11101 – Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру» білім беру бағдарламасында 84 білім алушыдан – 84 (100%) білім алушы қатысты. Жалпы алғанда студенттердің белсенділігі жоғары және көпшілігі оқу сапасына қанағаттанатынын білдірген. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі келесідей:

Кесте 2 – ББ білім алушылардың қанағаттануы

ББ атауы	Білім алушылар саны	Респонденттер саны	Қанағаттану %
6В11109 – Ивент менеджменті	14	13	92,9%
6В11104 – Қонақ үй және мейрамхана бизнесі	107	92	86%
6В11101 – Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру	84	84	100%

Жоғарыда келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, сауалнамаға білім алушылардың басым бөлігі қатысып, білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі орта есеппен 90% құрайды.

Дене шынықтыру және спорт мектебі

Білім алушылардың ББ-ға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында 2026 жылдың 05-14 мамыр аралығында Дене шынықтыру және спорт мектебі «Білім алушылардың білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттануы» сауалнамасын өткізді. Сауалнама 14 сұрақ пен 1 тармақты қамтыды, ол ББ және жалпы оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстарды енгізумен байланысты болды. Сауалнамаға «6В11107 – Спорттық-сауықтыру фитнесі» ББ бойынша 482 білім алушы (100%), 6В11106 - Спорттық туризм ББ бойынша 175 білім алушы (100%) қатысты. ББ бойынша білім алушылардың қанағаттану деңгейі келесідей:

Кесте 3 – ББ білім алушылардың қанағаттануы

ББ атауы	Білім алушылар саны	Респонденттер саны	Қанағаттану %
«6В11107-Спорттық сауықтыру фитнесі»	482	482	95,1%
6В11106-Спорттық туризм	175	175	93,1%